

Сұхбат

Дархан Сабырханов, М.Әуезов атындағы ОҚМУ бірінші проректоры:

«Бүгінгі мақсат – бәсекеге қабілетті маман даярлау»

- Сапалы мамандар дайындау үшін қандай ұстанымды басшылыққа алып отырсыздар?

- Сапалы білім беру мақсатында білім, тәрбие және ғылыми процестерді ұштастыруға ерекше көңіл бөлінген. Осы айтылғандардың басын біріктіру арқылы сапалы маман даярлауға қол жеткізіп отырмыз. Қазіргі студент – ертеңгі жас маман. Оның білім алған мамандығы бойынша білікті болуы мүмкін, бірақ, бұл жас маман үшін жеткіліксіз. Еңбек жолын енді бастағалы отырған жас сондай-ақ, тәрбиелі, мәдениетті болуы, өзін қоғамда қалай ұстау, қоғаммен қалай қарым-қатынас жасау керектігін де игеруі тиіс. Бұл ертеңгі өмірі үшін аса қажет қасиеттер. Ал білімді ғылыммен ұштастыру жыл санап жаңа техникамен, технологиямен толығып отырған мына заманда жаңа ілім алуымен ерекшеленеді. Ғылыми жұмыс арқылы аудиторияда алған білімнен басқа болашаққа керек дүниелерді жинақтай алады. Осы үш әдісті ұштастыру қоғамда өзіндік орнын табатын, карьерға қалыптастыра алатын, бір сөзбен айтқанда еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлауға толық мүмкіндік деп ойлаймыз.

- Ғылыми процесс өз алдына бөлек, ал білім мен тәрбиені есте бөліп қарауға болмайтын шығар?

- Әрине, екеуін бөле-жара қарау мүмкін емес. Білім беру процесі сабақ беру кестесімен басталып, сол кестемен

аяқталады. Сол сияқты тәрбие процесін де кестеге енгізіп, міндетті түрде өткізілуі тиіс сабақ ретінде қарастырып отырмыз. Әрбір академиялық топта өзінің тәлімгері бар. Ол тәлімгерлік сағаттарда студенттермен бірігіп жұмыс істеу жоспарын бекітеді. Онда тәлімгерлік жұмыстар жан-жақты қарастырылады және оқу жылы барсында оған өзгертулер, қосымшалар енгізіледі. Өйткені, күнделікті өмірде жаңалықтар орын алып отыратыны сөзсіз. Сондай-ақ, ұлтаралық, конфессияаралық қатынастар, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жандандыру, құқықтық тәрбиені дамыту секілді бағыттарға ерекше назар аударылады. Әсіресе, құқықтық насихат жұмыстарына көңіл бөлудің жастардың қазіргі, болашақ өмірлері үшін маңызы зор. Құқықтық жағынан қаруланған азамат өз өмірі мен отбасы мүшелерінің өмірінде құқық бұзушылыққа, конституциялық құқықтарының аяқ асты болуына жол бермейді.

Білім беруде кредиттік технология деген бар. Ол жастар үшін көп мүмкіншіліктер береді. Мәселен, бұрын дәкірттерантасына 36 сағат сабақ оқитын болса, қазір ол 24-26 сағатпен шектеледі. Қалған уақытта студент өзіне өзі жұмыс жасайды.

Тәрбиелеу мәселесі бойынша бізде ең жоғары орган ретінде идеологиялық жұмыстарды үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. Бұл барлық тәрбие жұмыстарын басқарып отырады.

Әр факультетте аға тәлімгер деген лауазым бар. Осы аға тәлімгерлердің жұмысын жақсарту мақсатында жүктемені 150 сағатқа дейін шегереміз. Сонда жалпы норма бір тәлімгерге 750

сағат болатын болса, ол 600 сағатын орындап, 750 сағаттың айлығын алады. Есесіне, үнемделген уақытта аға тәлімгерлік қызметін нақты жолға қоя алады.

Тәрбие жұмыстары да өзіндік жоспармен жүргізіледі. Мәселен, бірінші курс студенттеріне арналған тәрбиелік жұмыстың өз ерекшелігі бар. Оларға алғашқы жылы университетпен, кітапханамен, өзінің таңдаған мамандығы бойынша кафедрамен таныстыру жұмыстары жүргізіледі.

- Студенттердің өзін-өзі басқару мәселесі жиі айтылып жүр. Бұл әдісті қолданудың қаншалықты тиімділігі бар?

- Студенттердің өзін-өзі басқару әдісі – бұл да тәрбиенің бір түрі. Бұған активистер ғана емес Қазақстан студенттері альянсының, ауыл жастары одағының, Ақиқат пікір-сайыс клубының белсенділері атсалысады. Бұдан бөлек арнайы Әділет басқармасынан тіркеуден өткен студенттік ассамблея жұмыс істейді. Оған 32 ұлттың өкілдері кіреді. Өзін өзі басқарудың бастапқы қазығы студенттік кеңес. Ол кеңестің сайланған төрағасы бар, құрамына барлық сала бойынша студенттік проректорлар кіреді. Онан кейін бұл құрамға әр факультеттің декандары кіреді. Кеңес мүшелері оқу, тәрбие, ғылыми процесс, жатақхана мәселесі бойынша жан-жақты талдаулар жасап, ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, оның орындалуы қадағалауға алынады. Әр айдың 20-жұлдызында студенттердің басқару күні болады. Бұл күні



студенттік ректор, проректорлар, кәсіподақ, декандар барлық басқару процесіне қатысып, біз оларға кеңесші болып отырамыз. Сол күні кешкісін қандай жетістіктер, кемшіліктер бар, соның барлығы талқыға түсіп, шешім шығарылып, ұсыныстар айтылады. Ол шешімдер мен ұсыныстарды орындау ректоратқа, деканаттарға міндеттеледі.

- Студенттердің осындай ұсыныстарынан кейін іске асқан игі істер бар ма?

- Әр жатақханамызда оқу залы бар. Осы студенттердің ұсынысы негізінде енгізілді. Кешкісін оқу корпусындағы оқу залдары, кітапханалар жұмысын тоқтатады. Сол кезде, яғни кешкі сағат сегізден кейінгі уақыттарда студенттердің жатақханада дайындалуларына мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар әр жатақханада 6-7, тіпті, 10-ға дейін компьютер қойылып, ғаламторға жалғанған. Қазір әр корпусқа ақпараттық ресурстар орталығы ашылуда. Онда электронды басылымдар, электронды оқулықтар қарастырылған. Яғни электронды кітапхана қоры шоғырланған.

-Спортты жанына серік еткен студенттерге, өнерлі жастарға қандай жағдай жасалған?

- Бұл бағытта екі арнаның – Қоғамдық кәсіптер факультеті мен спорттық комплекстердің атқаратын ролі орасан. Қоғамдық кәсіптер факультетінде студент өзінің алып жатқан білімімен қатар өнер, мәдениет, әдебиет, тағы басқа салалар бойынша екінші мамандық алып шығуларына мүмкіндік бар. Тармақтары сан тарап мұның дарынды студенттер үшін пайдасы орасан. Университетімізде жабық түрдегі төрт спорттық кешен, үш стадион, жүзу бассейні бар. Олар күреске арналған кілемдермен, бокс секциясына арналған рингтермен, штангаға арналған жабдықтармен жабдықталған. Олардан бөлек «тренажерлердің» 5-6 түрлері бар. Әр студент өзінің таңдаған спортымен шұғылдануына болады. Оқу орнымызда дене тәрбиесі мен спорт мамандығы бар. Онда мектептерге оқытушылар ғана емес кәсіби спортшыларды да даярлайды. Мәселен, біздің түлегіміз Әлия Юсупова мамандық алып қана қоймай арнайы ашылған залда қазір 2-3 әріптесімен бірге шәкірттер дайындаумен айналысуда. Ертеңгі күні ол өзі секілді мықты спортшылар тәрбиелеп шығаратынын үміттіміз.

**Әңгімелескен
Шадияр Мекенбайұлы.**

